

Көкпекті ауданының елді мекендегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 329 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 7646 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 343 қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 29.11.2023 № 343 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Көкпекті ауданының елді мекендегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті бекітілсін.

2. "Көкпекті ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте :

1) Шығыс Қазақстан облысының әділет Департаментінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде , оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберілуін;

3) ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында осы қаулының орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Жаслан Талгатович Майкеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

С. Садвакасов

Көкпекті ауданы әкімдігінің

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

Реттік №	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Бастаушы ауылы	1,45
2	Көкжота ауылы	1,34
3	Аққала ауылы	1,45
4	Жаңа-Жол ауылы	1,34
5	Қараөткел ауылы	0,98
6	Қойтас ауылы	1,15
7	Биғаш ауылы	1,39
8	Егінбұлақ ауылы	1,15
9	Комсомол ауылы	1,05
10	Көкжайық ауылы	1,45
11	Ақ-ой ауылы	1,35
12	Қарамойыл ауылы	1,30
13	Қарағандыкөл ауылы	1,05
14	Көкпекті ауылы	1,45
15	Ажа ауылы	1,38
16	Узын-Бұлақ ауылы	1,25
17	Шәріптоғай ауылы	1,45
18	Толағай ауылы	1,34
19	Құлынжон ауылы	1,45
20	Көкжыра ауылы	1,44
21	Мариногорка ауылы	1,30
22	Мойылды ауылы	0,95
23	Жұмба ауылы	1,09
24	Миролюбовка ауылы	1,45
25	Раздольное ауылы	1,23
26	Палатцы ауылы	1,33
27	Песчанка ауылы	1,15
28	Подгорное ауылы	1,21
29	Қарақол ауылы	1,15
30	Преображенка ауылы	1,45
31	Үкілі-Қыз ауылы	1,16
32	Черноярка ауылы	1,05
33	Кіші- Бөкен ауылы	1,05
34	Самар ауылы	1,35

35	Шұбарқайың ауылы	1,30
36	Қайыңды ауылы	1,55
37	Сарыбел ауылы	1,45
38	Новостройка ауылы	1,35
39	Тассай ауылы	1,33
1,0540	Қайнар ауылы	1,05
410,95	Ақсу ауылы	0,95
421,07	Үшкөмей ауылы	1,07
43	Теректі ауылы	1,45
44	Үлгілі-Малшы ауылы	1,41
45	Мамай ауылы	1,25
46	Сүлеймен ауылы	1,16
47	Нұра ауылы	1,10
48	Үлкен-Бөкен ауылы	1,45
49	Ақтас ауылы	1,05
50	Жансары ауылы	1,36
51	Шұғылбай ауылы	1,43
52	Мелитополь ауылы	1,05

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК